



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2021 жылғы 3 тамыз

Нұр-Сұлтан қаласы

№ 634

Нұр-Сұлтан

«Профилактикалық бақылау арқылы білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы»

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңы 65-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жауапты хатшысымен 2020 жылғы 26 желтоқсанда бекітілген «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі Ережесінің 19-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті және оның аумақтық органдарымен білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**


1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті мен оның аумақтық органдарымен профилактикалық бақылау арқылы білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынылған Нұсқаулығы бекітілсін.

2. Аумақтық органдардың қызметін үйлестіру басқармасы (Л.Мылтықбаева) осы бұйрықпен білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің және оның аумақтық органдарының қызметкерлерін таныстырсын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Төраға



Г. Көбенова

0002114